

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті мен экономикалық факультеттің 20-жылдығына орай ұйымдастырылған  
**«Қаржы, есеп, басқару және туризм салаларындағы заманауи экономикалық мәселелер»**  
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының  
**ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ**  
7 сәуір 2016ж.

**СБОРНИК ТРУДОВ**  
международной научно-практической конференции  
**«Современные экономические проблемы в области финансов, учета, управления и туризма»**,  
посвященной 20-летию Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева и экономического факультета  
7 апреля 2016г.

**PROCEEDINGS**  
of the international scientific-practical conference  
**“Modern economic problems in the field of finance, accounting, management and tourism”**  
dedicated to the 20-th anniversary of the L.N. Gumilyov Eurasian National University and the Economic Faculty  
7 April, 2016

Астана, Қазақстан  
Astana, Kazakhstan

УДК 336: 338.48 (063)

ББК 65.261

Қ 41

**Редакционная коллегия:**

Декан экономического факультета, д.э.н., профессор Макыш С.Б.,

Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.

Профессор кафедры «Туризм», д.э.н. Сыздыкбаева Б.У.

Заведующий кафедрой «Туризм», к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А.

Заведующий кафедрой «Менеджмент», д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.

Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ», к.э.н., доцент Алибекова Б.А.

Заведующий кафедрой «Финансы», д.э.н., профессор Садвокасова К.Ж.

Заведующий кафедрой «Экономика», к.э.н., асс. профессор Рахметулина Ж.Б.

Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование», к.э.н., доцент Бабланов Т.К.

**Қ41 Қаржы, есеп, басқару және туризм салаларындағы заманауи экономикалық мәселелер:** Халық. ғыл.-тәжіриб. конф. еңбектер жинағы \_ **Современные экономические проблемы в области финансов, учета, управления и туризма:** Сб. материалов межд. науч.-практ. конф. \_ Proceedings of the international scientific-practical conference **“Modern economic problems in the field of finance, accounting, management and tourism”**. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016 \_ Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016 \_ Astana, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2016.

**ISBN 978 – 601 -301 – 677 - 1**

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбек жинағында қаржы, есеп, басқару және туризм салаларындағы заманауи экономикалық мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научно-практической конференции рассмотрены экономические проблемы в области финансов, учета, управления и туризма.

Economic issues in the fields of finance, accounting, management and tourism are covered in the international scientific-practical conference collection of materials.

**УДК 336: 338.48 (063)**

**ББК 65.261**

**ISBN 978 – 601 -301 – 677 – 1**

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016

© Евразийский Национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016

© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2016

1 Нурланова Н. К. Региональная парадигма устойчивого развития Казахстана: проблемы теории и практики. Монография / Н.К.Нурланова. - Алматы: Институт экономики КН МОН РК, 2011. – 328с.

2 Жумасултанов Т. Уровень и качество жизни населения в современном Казахстане // Ежеквартальный научно-информационный журнал Экономика и статистика. – 2014. № 1. – 136 б.

3 Бопиева Ж.К. Планирование пространственного развития в Республике Казахстан. – [www.aef.kz](http://www.aef.kz)

4 Жупарова А. Развитие промышленности в условиях инновационного развития Казахстана // Ежеквартальный научно-информационный журнал Экономика и статистика. – 2014. № 1. – 136 б.

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЖАҢА АГРАРЛЫҚ САЯСАТТЫ БАСҚАРУДЫҢ ПРИНЦИПТЕРІ МЕН ТӘСІЛДЕРІ**

*Молдакенова Е. К., PhD-докторант*

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Астана қаласы, Қазақстан Республикасы

E-mail: [Erke\\_totai\\_77@mail.ru](mailto:Erke_totai_77@mail.ru)

Ғылыми жетекші: э.ғ.д., профессор Толысбаев Б.С.

Қазақстанның жаңа аграрлық саясатының мақсаты мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, яғни отандық сапалы тағам өнімдерімен халықты қамтамасыз ету көрсеткішін арттыру және оған тұтынушылардың қол жетімдігін жақсарту болып табылады. «Қазақстан - аса ірі аграрлы ел. Жеріміз кең байтақ. Жайылымдарымыз жетерлік. Қазақстан тек астық рыногында әлемде жетекші орынға қол жеткізуге қабылетті» (1)

Статистикалық органдардың мәліметіне сәйкес 2012 жылдың басында республика көлемінде барлық ауыл шаруашылығы құрылымдары фермерлерді қосқанда 196,4 мың, оның ішінде мемлекеттік шаруашылықтар 96, серіктестіктер 5676, акционерлік қоғамдар 178, өндірістік кооперативтер 2384, шаруа қожалықтары 186,8 мың, өзге де шаруашылықтар 1276. (2, 272 б.) Ауыл шаруашылығы өнімдерінің 54,2 пайызын жұртшылық (үй) шаруашылығы, 23,9 пайызын кәсіпорындар, 21,9 пайызын шаруа қожалықтары өндіреді. Мемлекет меншігіндегі құрылымдар өте аз, бар болғаны 0,05 пайызын құрайды (3, 243 б.), олар негізінен ғылыми-өндірістік орталықтарда шоғырланған. Ал ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметіне сәйкес бүгінгі күні Қазақстанда ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірумен 174,6 мың ауылшаруашылық құрылымы айналысуда. Құрылымның 97 пайызы шаруа және фермерлік шаруалықтар болса, 3 мыңнан астамы жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер мен акционерлік қоғамдар. Яғни үш жыл көлемінде ауыл шаруашылық құрылымдарының жалпы саны 21,7 мыңға қысқарған, оның ішінде ірі шаруашылықтар саны екі еседен астам көрсеткішке азайған. Бұл көрсеткіш

мемлекеттің ауыл экономикасына тікелей қатысуының аз мөлшерін, ірі шаруашылықтардың ұсақталу үрдісін, тіпті шаруа қожалықтарының да азайып бара жатқандығын көрсетеді.

Үкіметтің аграрлық саясатының қазіргі жағдайы дағдарысқа байланысты Парламент бекіткен үшжылдық бюджеттегі 350 млрд. теңге мен Ұлттық қордан бөлінген қайтарымды 120 млрд. теңгені ауылға жеткізу. Қаржы ресурстары «Қазагро» ұлттық холдингі арқылы 11 бағытта жұмсалуда. Олардың көпшілігі ірі құрылыстар. Яғни айтқанда сүт өнімдерін өндіретін фермалар, көкөністерді сақтайтын қоймалар және жылыжайлар, ет комбинаттары мен бордақылау алаңдарын, жүн өңдеу мен астықтың экспорттық инфрақұрылымдарын салу және тамшылап суару жүйесін жетілдіру.

Үкімет аграрлық саланың дамуын экстенсивті түрде, яғни жылдағы жиналатын астық көлемі мен мал басының өсуімен бағалайды. Бұл саланы мемлекеттік қолдау науқаншылықпен өтуде, олар көктемгі егін егу және күздегі жинау, күздік жәрмеңкелер өткізу. Тұрақтылық қорға бұрын 500 мың тонна астық сатып алу болса, енді оны 1 миллион тоннаға жеткізу. Бұл жұмыстар соңғы жылдары азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету айдарымен атқарылуда, бірақ мазмұнында түпкілікті өзгерістер жоқ.

Қазақстанның аграрлық саясатын қалыптастырудағы ғылыми пікірлер өндірісті шоғырландыру, агротехнологияға өзгерістер енгізу, агробанк құру т.б. мәселелердің төңірегінде. Бірақ, экономиканың аграрлық саласын ауқымды мемлекеттік реттеу жөніндегі пікірлер жоқтың қасы.

Жер шарында халық саны жыл санап өсіп келеді және антропогендік өзгерістерге байланысты табиғат ресурстары азая түсуде, оның ішінде азық-түлік ресурстары. Сонымен қатар өткен жылы Америкада басталған ипотекалық дағдарыс қаржы дағдарысына ұласып, биылғы жылы көп мемлекеттерді қамтыған әлемдік экономикалық дағдарыс туындап тұр. Оның салқыны Қазақстан экономикасына да әсерін тигізуде. Президент Н.Назарбаевтың алдын ала қабылдаған шешімдері мен үкіметтің іс-қимылдары экономикалық дағдарыстың екпінін бәсеңдетуде. Әсіресе Елбасының «Нұр-Отан» партиясының XII съезінде Үкіметке берген тапсырмасының біріншісі агроөндірістік кешені (АӨК) және ауылшаруашылық өнімдерін өңдеу болса (5), Қауіпсіздік кеңесінде АӨК алдындағы маңызды міндеттерді атап көрсетті. Олар - өңдеу өнеркәсібінің деңгейін көтеру, салаға ғылым жетістіктерін енгізе отырып, инновациялық үрдістерді дамыту, жерді, суды тиімді пайдалану (6). Президент Н.Назарбаевтың бұл айтқан тұжырымды тапсырмалары ауыл экономикасын өркендетуге жаңа көзқарас туғызуы тиіс.

Дегенмен, осы салада жана аграрлық саясат жарияланып, мемлекеттік реттеу жұмыстары жүйелі жүргізілмесе экономикадағы дағдарысқа қарсы шаралар күткен нәтижені бермеуі мүмкін. Сондықтан көп жылдар бойы қалыптасып келе жатқан әлемдегі азық-түлік тапшылығы мен әлемдік экономикалық дағдарысты және келешектегі дағдарыстан кейінгі дамуды (посткризис) ескере отырып, Үкімет өзінің жаңа аграрлық саясатын қалыптастыруы керек және ол осы саланы басқарудың жаңа үлгісі болмақ. Бұл жөнінде менің пікірім төмендегідей:

Қазақстанның жаңа аграрлық саясатының мақсаты мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, яғни отандық сапалы тағам өнімдерімен халықты қамтамасыз ету көрсеткішін 80 пайызға жеткізу және оған тұтынушылардың қол жетімдігін жақсарту. Атап айтқанда ауыл тұрғындарының тағам түрлерімен өздерін толық қамтамасыз ету және қала тұрғындарына отандық өнімдерді арзан бағамен жеткізу. Түпкі мақсат шикізаттық экономикадан арылып, Қазақстанды индустриалды елдер қатарына қосылуына батыл қадам жасау.

Қазақстанның жаңа аграрлық саясаты мен басқарудың принциптері:

- ауылдың әлеуметтік-экономикалық жағдайы мен ауыл шаруашылығы саласының дамуын макроэкономика және әкімшілік реформа тұрғысында бөліп қарау;

- елді мекендер мен аймақтардың тағам өнімдерімен өзін-өзі қамтамасыз етуі;

- ауыл экономикасын әкімшілік реттеуді төменнен, яғни ауыл және аудан әкімдерінің деңгейінен бастау;

- азық-түлік қауіпсіздігіне байланысты қажетті тағамдардың түрлерін (кем дегенде 10 түрі) өндіруді үкімет пен жергілікті атқарушы органдардың бақылауға алуы;

- мемлекеттік қаржылық қолдауды тек халыққа қажетті тағамдардың керекті мөлшерін өндіруге және оны ұқсатуға бағыттау;

- қаражатты мемлекеттің үлесі бар екінші деңгейлі банктер арқылы микрокредиттік ұйымдардың қатысуымен және жергілікті атқарушы органдардың бақылауымен жұмсау;

Қазақстанның жаңа аграрлық саясаты мен басқарудың тәсілдері:

- Әкімшілік ресурсты тиімді пайдалану.
- Қаржылық -экономикалық реттеу.
- Интеграциялау.
- Мамандандыру (специализация).
- Тағам өндірісін ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілермен, сервистік қызметпен байланыстыра қарау, оларды бір жүйе есебінде қаржыландыру, аудан және ауыл деңгейінде микрокластерлер қалыптастыру. Нәтижесінде осы күнге дейін басы бірікпей жүрген шаруа қожалықтары мен үй шаруашылықтары кооперацияланады, тиімді өнім шығаруға бірыңғайланады.

Қазақстанның жаңа аграрлық саясаты мен басқарудың маңыздылығы:

1. Қазақстанның аграрлық саласы мен мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігін сақтау көрсеткіші Дүниежүзілік сауда ұйымының талабына сәйкестенеді;

2. Азық-түлік индустриясын қалыптастыру миллиондаған жұмыс орындарының ашылуы мен ауылда тұратын адамдардың материалдық жағдайының көтерілуіне жағдай туғызады;

3. Халықтың әлеуметтік жағдайы өседі, ауылдық жерде тұратын адамдардың денсаулығының жақсаруы, әсіресе ана мен бала аурулары санының кемуіне септігін тигізеді. Сондықтан денсаулық саласына бюджеттен бөлінетін қаржы мөлшері кеми түседі;

4. Қазақстандық тауар брендтерінің қалыптасуы;

5. Азық-түлік тауарларының экспорттық мүмкіндіктерінің өсуі;

6. Деурбанизация, және кіші қалалар санының артуына мүмкіндік туады. Ол мемлекеттің қорғаныс қабілетін ұлғайтатып, қауіпсіздігінде маңызды рөл атқарады;

7. Адам экономикасының өсуі, әлеуметтік-экологиялық жағдайдың жақсаруы халық санының өсу динамикасын жеделдетеді;

8. Мемлекеттің 90% астам территориясын қамтитын, халықтың 47% тұратын ауыл экономикасы саяси тұрақтылықтың қайнар көзі болмақ;

9. Ішкі және сыртқы инвестициялық мүмкіндіктер ашылады;

10. Екінші деңгейлі банктердің аймақтық жүйелері, басқа да қаржылық-экономикалық институттар дамиды және нығаяды;

11. Республиканың өндірістік көрсеткіштері жақсарады және шағын және орта бизнесі дамыған индустриалды мемлекет қалыптасады.

Қазақстанның жаңа аграрлық саясаты мен басқарудың мазмұны:

– Қазақстанның жаңа аграрлық саясаты әр адамның тағам түрлерін жылына орта есеппен килограмм мөлшерінде пайдалану көрсеткішіне байланысты жасақталады және оның негізінде ауыл, аудан, қала, облыс көлемінде тағам ассортименттерін өздерінің өндірулері мен сырттан әкелінуі балансы анықталады. Соның негізінде әр аймақтың азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету қызметі орындалады;

– Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету халықтың тамақ өнімдерінің он түрін тұтыну деңгейімен бағаланады. Оған нан және жарма өнімдері, ет және ет өнімдері, балық және теңіз өнімдері, сүт және сүт өнімдері, жұмыртқа, май және мал майы, жемістер, көкөністер, картоп, қант және кондитерлік өнімдер жатады. Келешекте аталған ассортимент саны ұлғайтылады;

– Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету деңгейі әр территориялық бірлікте аталған он тағамның кем дегенде 80 пайызына тең болуы керек;

– Аграрлық экономиканы мемлекеттік реттеу және жергілікті басқару жұмыстары мен мемлекеттік қаржылық қолдау азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында халықтың тамақ өнімдерінің түрі мен тұтыну көлемін қамтамасыз ету аясында жүргізіледі. Яғни, ауыл шаруашылығы шикізатын өндіру емес, тағам түрінде дайындалған тауарлар қаржыландырылады;

– Өндірістік формула «шикизат-тауар». Ол үшін ауыл және аудан көлемінде шағын кластерлер жасақталады. Олар жергілікті жерлерде өндіруге тиімді шикізаттан, оны өңдейтін цех немесе зауыттан, техника және көлік, т.б. сервистік қызметтерден тұрады. Олар азаматтық кодекске сәйкес ассоциация, өндірістік кооператив, ЖШС т.б. болуы мүмкін. Көрсеткіш егілген егіс, мал саны емес өндірілген тағам көлемі мен сапасы болып табылады, яғни шығарылған сапалы тауармен бағаланады. Келешекте өндірістік-экономикалық қатынастардың дамуы негізінде агросиндикаттар, агрокартельдер құрылуы мүмкін;

– Шағын кластерлер жасақтау және солар арқылы мемлекеттік тапсырыс беру, қаржыландыру және несиелендіру ауыл шаруашылығындағы шағын өндірістер мен сервистік қызметтердің бірігуіне жол ашады;

– Арнайы әлеуметтік қорғау бағдарламасын тоқтатып, оның орнына балаларға төленетін ақы мен ауылдық жерде тұратын қариялардың зейнетақысын көбейту ұсынылады. Өйткені бұл бағдарлама ауылдық жердегі шағын кәсіпкерліктің, шаруа қожалықтарының еркендеуіне тұсау болуда;

– Әр аудан көлемінде және үлкен ауыл аумақтарында микрокредиттік ұйымдар құрылып, екінші деңгейлі банктердің және тауар өндірушілермен бірге қаржылық бірлестіктер құру қажет. Олардың қоғамдық негіздегі кеңесші органдарын аудан немесе ауыл әкімдері басқаруы тиіс. Қаржылық көмек жағдайы жыл қорытындысымен жергілікте жерлердегі өзін-өзі басқару мен маслихат отырыстарында талқыланады;

– Әр аудан көлемінде де екінші деңгейлі банктердің филиалдарының ашылуына мемлекеттік қолдау көрсету қажет. Бұл ретте Тұранәлембанк және Халық банкілерінің жүйесі оңтайлы. Әлемдік дағдарыс жағдайында жаңадан мемлекеттік аграрлық банк ашу тиімсіз;

– Жылдағы бюджет есебінен 517 мың тонна астық резервін жасаудан бас тарту керек. Өйткені оның шығыны көп: сатып алу, сақтау, тасымалдау т.б. Бұл қызметті аудан әкімдеріне делегирлеу керек. Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету аясында бұл мәселені астықты аймақтар, көкөніс пен жемісі мол аудандар, малды өңірлердің кәсіпкерлері өзара азық-түлік ауыстыру (бартер) жолымен шешулеріне болады;

– Қазақстанның жаңа аграрлық саясаты, тағам өндірісіне деген бетбұрыс, келешекте тамақ индустриясын қалыптастырады, сонымен қатар жеңіл өнеркәсіп, құрылыс материалдар индустриясы, жел энергетикасы мен күн сәулесін пайдалану өндірісі өркендейтін болады;

– «Казагро» ұлттық холдинг жүйесін реформалау қажет. Бірінші кезекте холдинг құрамына кіретін мекемелер санын қысқартып, олардың атқаратын қызметін қайта қарау;

– Аграрлық саланы мемлекеттік басқаруды әкімшілік реформа тұрғысынан қайта құру ұсынылады. Ол үшін жергілікті жердегі ауыл шаруашылығы министрлігі мен әкімшілік құрылымдарды біріктіріп, «Казагро» ұлттық холдингінің аудандық, облыстық филиалдарын ашу. Атқарушы жұмыс органы «Казагро» ұлттық холдингінен, ал алқа төрағалығын жергілікті әкімдіктердің жүргізуі ұсынылады. Сонда мемлекеттік бизнес пен үкімет органдары бірлесе жұмыс атқаруға мүмкіндіктері болады;

– Агrostатистика қызметін қайта қарау мен қалыптастыру, олардың статистикалық мәліметтерінің тәуелсіздігін қамтамасыз ету.

Бүгінгі таңдағы ең өзекті мәселелерінің бірі елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесін шешу агромаркетингті қолданусыз мүмкін емес болып табылады.

Аграрлық өнеркәсіп саласындағы тұрақты дамуын айқындаудың осы бағытының аясында негізгі мақсаттары мынандай:

- өңірлік нарықта бәсекелестікке қабілетті әлеуеті бар өңдеу өнеркәсібін және ауыл шаруашылық өнімдерін қайта өңдеуді одан әрі, сонымен қатар, кластерлік көзқарасты қолданып, дамыту (тоқыма және тоқыма өнімдері, құрылыс материалдары, тамақ өнеркәсібі және басқа);

- кәсіпкерлікті дамыту және кіші және орта бизнестің ірі бизнеспен бірігуі;

- жайлы инвестициялық жағдай құру және оны дамыту;

- экспортқа шығарылатын өнім номенклатурасын көбейту, өз брэдтерін жылжыта отырып сыртқы нарықтардағы маркетинг қызметін белсендіру.

Жалпы, аграрлық өнеркәсіп сферасындағы агромаркетингі қолдану тәжірибесін тұжырымдау нәтижелері тұтынушылардың сұранысына және маркетинг саласындағы жаңалықтар мен нарықтағы өзгерістерге бейім келетін біртұтас икемді маркетинг кешенін құру, сондай-ақ, облыс, аудан көлемінде бірқатар бірыңғай кәсіпорындар мен бірлескен құрылымдардың маркетингтік қызметтері мен міндеттерін кеңейту арқылы агромаркетингтің ұйымдық құрылымдарын дамыту қажеттігін айқындайды.

Агромаркетингі дамытудың объективті түрде өзектілігі халықаралық ауыл шаруашылығы нарықтарына шығу, агромаркетингтік халықаралық жүйесін қалыптастыру, сыртқы экономикалық байланыстардың тиімді формасын таңдау, әлемдік ауыл шаруашылығы нарығын терең зерттеу қажеттілігінің туындауына байланысты артып отыр.

Агромаркетинг жүйесінің тиісті дәрежеде теориялық негіздемесінің болмауы, аграрлық секторда оны ендіру бойынша тәжірибелік әдістемелердің өте аз болуы жағдайын ескере отырып агромаркетингтің келешектегі дамуының ғылыми қамтамасыз етілу деңгейін көтермейінше, білікті маркетинг мамандарды дайындау және олардың біліктілігін тұрақты арттырып отырмайынша қол жеткізу мүмкін еместігін бүгінгі таңдағы агроөнеркәсіптік кәсіпорындардағы жағдай дәлелдейді.

Агроөнеркәсіп кешеніне агромаркетингтің тұтас икемді жүйесін құру, маркетинг бөлімін ұйымдастыру, агромаркетингі ұйымдастыру механизмін жетілдіру, агромаркетинг қызметі сферасында кадрлық спясатты жақсарту, ірі агроөндірістерді, агрохолдингтер және т.б. құру, басқарудың автоматтандырылған жүйесін қалыптастыру, агромаркетингі басқаруды жетілдіруді жатқыза аламыз.

Жоғарыда сипатталған, агромаркетингі дамыту бағыттары тек агромаркетингтің ғылыми-негізделген жүйесін құру және оның тұрақты жұмыс істеуі жағдайында ғана мүмкін болып табылады. Бұл жүйе нарықтық қатынастарға (конъюктура, сауда, бәсеке, баға, және т.б.) және сезімтал болуы тиіс, сонымен қатар бірге мақсатты бағдарламаларды орындауы қажет.

Аймақтардағы агроөнеркәсіптік кәсіпорындардың бірқатар тәжірибелері көрсетіп отырғандай, маркетингтік қызметті жетілдіру, нарықтық инфрақұрылымның жетілдіру қажеттілігінен туындайды.

Қазақстанның жаңа аграрлық саясатын жүргізу мен басқаруды үш кезенге бөлу ұсынылады:

1. Әлемдік экономикалық дағдарыс кезеңі. Бұл кезеңде экономиканы мемлекеттік реттеу әкімшілік-экономикалық тәсілмен жүргізіледі.

2. Әлемдік экономикалық дағдарыстан шығу кезеңі. Бұл кезеңде экономиканы мемлекеттік реттеу экономикалық-әкімшілік тәсілмен жүргізіледі.



3. Әлемдік экономикалық дағдарыстан кейінгі кезең (посткризис). Бұл кезеңде экономиканы мемлекеттік реттеу негізінен экономикалық және либералды-әкімшілік тәсілмен жүргізіледі.

### **Әдебиеттер**

1 Назарбаев Н.Ә. Мықты мемлекет болу үшін бізге күшті экономика, келісім мен бейбітшілік қажет. Егемен Қазақстан, 22 мамыр 2009 жыл.

2 Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның индустриялық-технологиялық дамуы -біздің ортақ болашағымыз үшін. Егемен Қазақстан, 16 мамыр 2009 жыл.

3 Әліпбай С. Аграрлық мәселе алға шықты. Егемен Қазақстан, 20 мамыр 2009 жыл.

4 Қазақстан өңірлері, 2008. Статистикалық жинақ/Редакциясын басқарған Б.Т.Султанов/Алматы, 2006-430 б.

5 Статистический ежегодник Казахстана. Статистический сборник./Под ред. Б.Т.Султанова /Агентство РК по статистике- Алматы,2009. 488 с.

6 [www.minagri.gov.kz/kz/news](http://www.minagri.gov.kz/kz/news)

## **ПУТИ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ ИННОВАЦИОННЫХ ПРОЦЕССОВ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН**

*Молдашбаева Л.П.*

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева,  
г. Астана, Казахстан

E-mail: moldashbaeva\_lp@enu.kz

Основу становления нового этапа развития экономики составляет коренное изменение технологического способа производства, подходов к использованию производственных факторов, характера взаимоотношений людей во время производства, их отношений к технике и природе. Магистральным путем этого явления выступает переход от ресурсоемких к ресурсосберегающим, наукоемким, высокоэффективным технологиям, глубокой структурной перестройке экономики. Для этапа развития рыночных отношений весьма характерен факт перемещения экономической доминанты в первую очередь на материальное производство, а затем последовательное развитие нематериальных сфер экономики.

Решение существующей на сегодня в Казахстане проблемы, такой как - увеличение объемов отечественного производства, можно обусловить двумя факторами: увеличением покупательной способности предприятий и населения, и возрастанием конкурентоспособности товаров отечественного производителя на внутреннем и внешнем рынках.

Инновационный путь развития экономики обеспечивает эту конкурентоспособность путем постоянного обновления технологии, товаров и услуг разнообразного назначения, стабилизацией и расширением рынков сбыта, эффективным использованием научно-технического потенциала и стимулированием его роста.